

1000 шаршы метрден асатын үй жанындағы жер учаскелеріне салынатын базалық салық мөлшерлемесін төмендету туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2022 жылғы 31 тамыздағы № 17/3-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 қыркүйекте № 29383 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 33/6-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 19.12.2025 № 33/6-VIII шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 531-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 1000 шаршы метрден асатын үй жанындағы жер учаскелеріне базалық салық мөлшерлемесі 1 шаршы метр үшін 6,00 теңгеден 0,20 теңгеге дейін төмендетілсін.

2. Риддер қалалық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 19/18-VI " 1000 шаршы метрден асатын үй іргесіндегі жер учаскелеріне салынатын базалық салық мөлшерлемесін төмендету туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5557 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Риддер қалалық мәслихатының хатшысы

Е. Нужных